

Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын Есіл ауданы аумағында 2010 жылғы сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 21 сәуірдегі N 192 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 сәуірде N 13-6-146 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 44 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық әкімдігінің 2011.03.24 N 44 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 19-бабы 3-тармағына, 23-бабы 1-тармағына, 44-бабына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығына, «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы № 623 қаулысының және «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысының негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жасы он сегізден жиырма жетіге дейін, шақырылудан мерзімін шегеру және босату құқығы жоқ, сонымен қатар оқу орындарынан шығарылған, жасы жиырма жетіге толмаған және шақыру бойынша әскери қызмет мерзімін өткермеген азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетін жинақтау үшін Қазақстан

Республикасының еркек жынысты азаматтарын 2010 жылғы сәуір маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Шақыруды ұйымдастыру үшін аудандық шақыру комиссиясы қосымшаға с ә й к е с қ ұ р а м д а қ ұ р ы л с ы н .

3. Селолық округ әкімдері медициналық куәландырудан өтуге шақырылатындардың келуін және әскери қызметін өтеу үшін жіберілуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Явленка орталық аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша) шақыру комиссиясы жіберген азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу үшін ұсынылсын:

1) комиссияны тәжірибелі дәрігер мамандардан, медициналық қызметшілерден жинақтасын, сонымен қатар мүліктермен және құралдармен қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) рентген кабинетінің, функционалдық диагностика кабинетінің, анализ тапсыру зертханасының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етсін;

3) шақыру комиссиясы жіберген азаматтарды медициналық тексеру үшін о р ы н д а р қ а р а с т ы р с ы н :

терапевттік	бөлімшеде	–	5	орын;
хирургиялық	бөлімшеде	–	5	орын.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы мақсатқа бөлінген ассигнованиелердің мөлшерінде аудандық бюджет қаражаттары есебінен, азаматтарды әскери қызметке шақыру жөніндегі іс-шаралардың шығындарын уақытында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

6. Есіл ауданы әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы (Р.С. Елжасов) шақырылу уақытында материалдық-техникалық қамтамасыз ету үшін:

1) техникалық жұмысшылардың үш штаттық бірлігін (іс жүргізушілерді) ж ұ м ы с қ а қ а б ы л д а с ы н ;

2) шақырылушыларды тасымалдау үшін көлік жалдауды қамтамасыз етсін.

7. «Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жіберу үшін облыстық жинақтау пунктіне шақырылушыларды жеткізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. «Қазақстан Республикасының ер жынысты азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру туралы» Есіл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 118 қаулысының күші жойылды деп танылсын мемлекеттік (

Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 14 мамырдағы № 13-6-115 тіркелген, «Ишим» газетінде 2009 жылғы 5 маусымдағы № 24 (8432) жарияланған).

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Т. Мұқашевқа жүктелсін.

10. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Есіл ауданының әкімі А. Бегманов

КЕЛІСІЛДІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (СҚО ЕАҚІБ)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Явленка орталық аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері (ҚРДМ СҚОӘ ШЖҚ КМК)

«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы (СҚО ЕАІБ)

Аудан 2009 жылғы 21 № 192 қаулысына қосымша әкімдігінің сәуірдегі

Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Сүлейменов Сағындық Әбдірахманұлы	«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, шақыру комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)
Мүжентаев Орал Заеденұлы	аудан әкімі аппаратының азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары
Комиссия мүшелері:	
	«Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының ішкі істер бөлімі»

Р а м а з а н о в Марат Қойшыбайұлы	мемлекеттік орынбасары (келісім бойынша)	мекемесі	бастығының
Д о п и р а Татьяна Юрьевна	Қазақстан сақтау Қазақстан «Явленка ауруханасы» құқығындағы мемлекеттік емханасының медициналық (келісім бойынша)	Республикасы министрлігі облысы орталық шаруашылық комиссияның	Денсаулық Солтүстік әкімдігінің аудандық жүргізу коммуналдық кәсіпорны меңгерушісі, төрайымы
Ц ы г а н о в а Ольга Николаевна	Қазақстан сақтау Қазақстан «Явленка ауруханасы» құқығындағы мемлекеттік емханасының комиссияның (келісім бойынша)	Республикасы министрлігі облысы орталық шаруашылық мед хатшысы	Денсаулық Солтүстік әкімдігінің аудандық жүргізу коммуналдық кәсіпорны бикесі, (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК